

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасы

Жетібай Ауылы

2026 жылғы 4 наурыз уақыты сағат 15:00

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: **Жетібай ауылы әкімінің аппараты (Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы)**
2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: **«ARK Petroleum» ЖШС «Қазақстан Республикасының Маңғыстау облысындағы Шалва кен орнында көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою» жобасының ҚОҚ бөлімі және Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2028 жылға іс-шаралар жоспары**
(қаралатын жобалау құжаттардың толық, нақты атауы)
3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы: **«Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК.**
4. Көзделіп отырған қызметтің орналасқан жері: **Маңғыстау облысы, Қаракия ауданы, Жетібай ауылы. Географиялық координаттары: 43°35'19" с. е. 52°05'58" ш. б.**
(белгіленген қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)
5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: **Маңғыстау облысы, Қаракия ауданы, Жетібай ауылы.**
(белгіленген қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына ықпал етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі).
6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: **«ARK Petroleum» ЖШС, БСН: 230640023433, Алматы қ., Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 498-үй, 309-кеңсе.**
(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстері, электрондық пошталары, сайттары)
7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері:
**«ҒӨО» ЖШС, БСН 010140003415, Ақтау қ., 5 ш.а., 5 «Г» ғимараты.
ҚОҚ бөлімі қосалқы мердігер ЖК «А.В. Драган», Ақтау қ., тел: 8701 457-68-33.**
(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстері, электрондық пошталары, сайттары)
8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт): **2026 жылдың 4 наурыз күні сағат 15:00-де Жетібай ауылы, Мәдениет үйінің ғимараты және онлайн форматта ZOOM платформасында бейнеконференция форматында келесі сілтеме бойынша**
<https://us06web.zoom.us/j/86339970673?pwd=FDXJ0sgONaFWNQv1abIMzRSzakTnJ.1>
Конференция идентификаторы: 863 3997 0673. Кіру коды: ARK123456

(қатысушыларды тіркеудің басталу күні, уақыты, қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты, тыңдаудың толық және нақты мекен-жайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылған жағдайда барлық күндері көрсетіледі)

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **Қосымшада берілген.**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **Қосымшада берілген.**

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) бірыңғай экологиялық порталда, www.ndbecology.gov.kz.

2) жергілікті атқарушы органның (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau>
(атауы және ресми интернет-ресурстарға сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

1. Газета: Қарақия, №4 (1289) 29 қаңтар 2026 жыл (қосымшада)

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

2. «ASTANA TV» телеканалы, 29 қаңтар 2026 жыл э/с №013 (қосымшада)

(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, **Жетібай ауылы Мәдениет үйінің ғимараты мекенжайы бойынша 1 (бір) дана** хабарландыру.

Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қоғамдық тыңдау хатшысы болып «ARK Petroleum» ЖШС экологы – Бакитжанова Гульдана Танатаровна сайланды (хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес" – 13, "қарсы" - 0, "қалыс қалды" - 0)

Регламент: Қоғамдық тыңдауға қатысушыларды тіркеу – 10 минут. Келісілген уақытта қоғамдық тыңдаудың ашылуы (төрағаның сөзі, хатшыны тағайындау) – 5 минут. Баяндамашының сөз сөйлеуі – 15 минут. Баяндаманы талқылау (сұрақ-жауап). Баяндама бойынша қоғамдық тыңдауға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары тыңдалады. Баяндамашылар өз кезегінде қоғамдық тыңдауға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстарына жауап береді. Ұсынылатын регламент – 20 минут.

Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу. Ұсынылатын регламент – 5 минут.

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес" – 13, "қарсы" - 0, "қалыс қалды" - 0)

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Баяндамашы ЖК «А.В. Драган» өкілі – Желенова Ш. Е.

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

Жоба бойынша Презентация (15 бет) және баяндама қосымшада ұсынылды.

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)

Қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттар бойынша баяндама мәтіндері осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі. **Қосымшада берілген.**

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: **Ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.**

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы, пікірлер мен ұсынымдар)

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы: **Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы – Базарбай Сабина Саламатқызы**

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қолы 

Күні: « 04 » наурыз 2026 ж.

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы: **«ARK Petroleum» ЖШС экологы – Бакитжанова Гүльдана Танатаровна**

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қолы 

Күні: « 04 » наурыз 2026 ж.

Қоғамдық тыңдауларды өткізуге дейін және өткізу кезінде алынған ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

p/c №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")

Қоғамдық тыңдауға қатысушылар тарапынан ескертулер мен ұсыныстар болған жоқ.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы

Жетібай Ауылы

2026 жыл 4 наурыз уақыты сағат 15:00

№ р/с	Қатысушының аты-жөні	Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	2	3	4	5	6
1	Мешенбаева С.Е.	бастамашы	87781388739	жеке	
2	Джанаева А.Д	Ауыл тұрғыны	87713209248	жеке	
3	Тесова Н.М	Ауыл тұрғыны	87772783350	жеке	
4	Мурзабеков Ж.	ауыл тұрғыны	87022848953	жеке	
5	Сәрсенова А	ауыл тұрғыны	87021810592	жеке	
6	Джанабергенова Т	ауыл тұрғыны	7775411582	жеке	
7	Детай Ж.Ф	ауыл тұрғыны	87023694747	жеке	
8	Мурзабеков Ж	ауыл тұрғыны	87064078395	жеке	
9	Аманжол А	күзетшісі	87013870070	жеке	
10	Меттебаев Ж	оператор	87020718508	жеке	
11	Аманжол А.	ауыл тұрғыны	8785557-57-53	жеке	
12	Сейдахметов А.	М.к. НБ и ОТ.	8(701)8200081	жеке.	
13	Аманжол А.	Директор	87058821122	жеке	
14	Бакиетовна Т.Ж. Эколог	Эколог	8(705)7844360	жеке	
15	Базарбай С.С.	ММ Әр түрлі ЖІРБ	87781139887	онлайн	
16	Маймылбаева Ф.	ММ Әр түрлі ЖІРБ	87024760076	онлайн	

Исх. № 12
28.01.2026 г.

Жетібай ауылы әкімі
Қаратаев Р.С.

Құрметті Рақат Сәрсенұлы!

Қоғамдық тыңдау!

«ARK Petroleum» ЖШС-і_2026 жылы 4 наурыз сағат 15:00-де, Жетібай ауылы, Мәдениет үйінің ғимаратында «Қазақстан Республикасының Маңғыстау облысындағы Шалва кен орнында көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою» жобасының ҚОҚ бөлімі және Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2028 жылға іс-шаралар жоспары тақырыбында қоғамдық тыңдау өткізетінін хабарлайды.

Өткізу күні мен уақыты Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасымен келісілді.

Осы мақсатта Сіздің тарапыңыздан осы аталған шараны өткізуге ат салысуыңызды және төраға етуге жауапты маман тағайындауыңызды сұраймыз.



Орнатушы:
Бакитжанова Г.Т. Эколог
G.Bakitzhanova@ark-petroleum.kz

 **Ж.А. Асылхан**

Қарақия



газет 1985 жылдың

1 шілдесінен шыға бастады

№4 (1289) 29 қаңтар 2026 жыл

ГАЗЕТ ӘР АПТАНЫҢ БЕЙСЕНБІ КҮНІ ШЫҒАДЫ

САЯСАТ

ҚОҒАМ ПІКІРІН ЕСКЕРГЕН РЕФОРМА

АСТАНАДА КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ЕКІНШІ ОТЫРЫСЫ ӨТІП ЖАТЫР. ІС-ШАРА КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАҒА БАЙЛАНЫСТЫ КЕЛІП ТҮСКЕН ҰСЫНЫСТАРДЫ ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛДЫ. КОМИССИЯ ЖҰМЫСЫ АШЫҚТЫҚ ПЕН ЖАРИЯЛЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН, АЛ ТАЛҚЫЛАУДЫҢ БАРЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРІ ЖҰРТШЫЛЫҚ ҮШІН ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ КӨРСЕТІЛУДЕ.



Отырыстың модераторы, ҚР Конституциялық Сотының төрайымы Эльвира Азимова комиссияға 2 мыңнан астам ұсыныс келіп түскенін, олардың барлығы біртұтас жинақталған кестеге топтастырылғанын атап өтті. Оның айтуынша, азаматтар мен сарапшылардың белсенді қатысуы конституциялық өзгерістердің қоғамдық маңызын және реформаға деген жоғары қызығушылығын айқын көрсетеді.

«Мұндай диалог форматы реформаның негізгі қағидатын көрсетеді: конституциялық реформа ең алдымен халықтың мүддесі үшін және оның тікелей қатысуымен жүргізіледі», – деді Эльвира Азимова.

Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев, Сенат депутаты Нұрлан Бекназаров және Мәжіліс депутаты Снежанна Имашева 2025 жылдың қазан айынан бастап түскен ұсыныстар негізінде әзірленген құқықтық тәсілдер мен түзетулерді ұсынды.

ҚР Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев Қазақстандағы кадрлық тағайындау тәртібіне қатысты ұсынылған өзгерістер туралы баяндады. Атап айтқанда, Конституцияда Президент Құрылтайдың келісімімен, оның депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен ҚР Вице-президентін, ҚР Премьер-министрін, Конституциялық Соттың 10 судьясын, ОСК-ның 6 мүшесін, Жоғары аудиторлық палатаның 8 мүшесін қызметке тағайындайтынын бекіту ұсынылады. Бұл ретте Президент аталған лауазымдарға тағайындауға келісім беруден қайта бас тартқан жағдайда Құрылтайды тарату құқығына ие болады. Мемлекет басшысының Құрылтайдың келісімімен ғана тағайындауы қарастырылатыны аса маңызды.

Әділет министрі вице-президент лауазымына да тоқталды. Оның айтуынша, вице-президент өкілді органның депутаты болуға, басқа да ақылы лауазымдарды атқаруға, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға және саяси партиялардың мүшесі болуға құқылы емес.

Егер вице-президент Президенттің өкілеттіктерін өзіне қабылдай алмаса, онда олар Құрылтай төрағасына, ал соңғысы да мүмкін болмаған жағдайда Премьер-министрге өтеді.

Сонымен қатар, Конституцияда әкімшілік сот ісін жүргізу арқылы сот билігін іске асыру туралы ережені бекіту ұсынылады.

«Конституцияға тиісті түзетулерді енгізу әкімшілік соттарға конституциялық-құқықтық мәртебе беріп, жария-құқықтық дауларда азаматтардың құқықтарын қорғау кепілдіктерін арттырады әрі қоғамның сот

билігіне деген сенімін нығайтады», – деді Ерлан Сәрсембаев.

Әділет министрінің айтуынша, ҚР Конституциясына енгізілетін өзгерістер мемлекеттің іс-қимылының болжамдылығы мен жүйелілігін арттырады.

Сенат депутаты Нұрлан Бекназаровтың хабарлауынша, бір палаталы Парламентке көшуге байланысты қолданыстағы Конституцияның «Парламент» бөліміндегі бірқатар баптарға өзгерістер енгізу жоспарланып отыр. Атап айтқанда, бұл өзгерістер Парламентті қалыптастыру, сайлау тәртібі, өкілеттіктері, құзыреті, заңдарды қабылдау рәсімдері және Парламенттің құрамына қатысты болады. Сонымен қатар, кейбір нормаларды толықтай алып тастау көзделіп отыр. Құрылтай пропорционалды жүйе бойынша сайланатын 145 депутаттан құралады. Конституцияда сыбайлас жемқорлыққа қатысты бар адамдардың сайлау құқықтарын шектейтін норманы бекіту ұсынылады.

Сонымен қатар, Конституцияның «Халық кеңесі» бөлімі де талқыланды. «ҚР Халық кеңесі ҚР халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган болып белгіленеді және оның құрамы ҚР азаматтарынан қалыптастырылады. Халық кеңесін құру тәртібі, оның құрамы, өкілеттігі мен қызметін ұйымдастыру мәселелерін айқындайтын заңға конституциялық мәртебе берілгенін ерекше атап өту қажет. Халық кеңесіне қатысты Конституцияға ұсынылған нормалар мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттарына, қоғамдық келісімге, жалпыұлттық бірлік пен ынтымақты нығайтуға, мемлекет қызметінің қағидаттары мен жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету жөніндегі ұсыныстар мен ұстанымдарды әзірлеуге байланысты мәселелерді қамтиды. Мемлекет басшысының ұсынысы негізінде Халық кеңесіне заң жобаларын енгізу және республикалық референдум тағайындау туралы маңызды ұсынысқа бастама жасау құқығын беру көзделген. Халық кеңесіне заң шығаруға бастамашылық ету құқығын енгізу қоғамдық қатынастар мен аймақтардың дамуына, азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға қатысты маңызды бастамаларды жедел шешуге ықпал ететін заңнамалық қолдауды қамтамасыз етіп, өзара іс-қимылдың тиімділігін арттырады деп күтілуде», – деді Нұрлан Бекназаров.

Негізгі заңға ұсынылған түзетулер жекелеген жұмыс секциялары шеңберінде талқыланып жатыр.

АЙМАҚ

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ ОЛЖАС БЕКТЕНОВТИҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ӨТКЕН ҚАЗАҚСТАН ҮКІМЕТІНІҢ ОТЫРЫСЫНДА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ ӨНІРДЕ ТУРИЗМДІ ДАМУЫ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАР ТУРАЛЫ БАЯНДАМА ЖАСАДЫ.



ТУРИСТЕР ЛЕГІ АРТТЫ

Аймақ басшысы Нұрәулет Қилыбай Маңғыстау облысына келетін туристер саны жыл сайын артып келе жатқанын хабарлады. Деректерге сәйкес, 2025 жылы өңірге 500 мыңнан астам турист келді, көрсетілген қызметтер көлемі 17 млрд. теңгеден асты, өсім 13%-ды құрады. Мемлекет басшысының халықаралық әуе қатынасын ұлғайту жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде 2025 жылы Ақтау – Дубай және Ақтау – Нүкіс бағыттары бойынша 2 халықаралық рейс іске қосылды.

Бүгінгі таңда Ақтау қаласының әуесжайы 16 халықаралық бағыт бойынша жұмыс істейді. Әкімдіктің мәліметінше, мемлекеттік қолдау көрсету шеңберінде жалпы құны 269,5 млн. теңге болатын 2 жоба 10% мөлшерінде субсидияланған.

2025 жылы жалпы құны 4,6 млрд. теңгелік 4 инвестициялық жоба аяқталып, 110 тұрақты жұмыс орны ашылды. Сондай-ақ Ақтау қаласының Бас жоспарын өзектендіру жұмыстары аяқталды.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

АУЫЛ АЖАРЫ АРТАДЫ

АУДАНДА ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖАҚСАРТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БІРҚАТАР МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР НАҚТЫЛАНЫП, ОЛАРДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ БАРЫСЫ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНДЫ. АУДАН ӘКІМІ СЫМБАТ ТӨРЕТАЕВ СТАНЦИЯ ЖЕТІБАЙ МЕН МҰНАЙШЫ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНІҢ АРАСЫНА САЛЫНАТЫН ВЕЛОСИПЕД ЖОЛЫ МЕН КӨШЕ ЖАРЫҚШАМДАРЫН ОРНАТУ ЖОБАСЫ МЕН ТАНЫСЫП, НЫСАНДАРДЫҢ ОРНАЛАСУ АУМАҒЫН АРНАЙЫ БАРЫП КӨРДІ.



Аталған жоба тұрғындардың қауіпсіз әрі қолайлы қатынауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ салауатты өмір салтын дамытуға бағытталған. Велосипед жолының салынуы мен көшелердің жарықтандырылуы екі елді мекен арасындағы инфрақұрылымды жақсартып, тұрғындар үшін жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, аудан басшысы Жетібай ауылындағы «Жаңақұрылыс» шағын ауданын абаттандыруға арналған жобамен де танысты. Жоба аясында инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, тұрғындарға қолайлы өмір

сүру ортасын қалыптастыру көзделіп отыр. Бақылау барысында Сымбат Төретев атқарылатын жұмыстардың сапасына ерекше мән беріліп, барлық құрылыс талаптары мен белгіленген стандарттардың қатаң сақталуы керектігін атап өтті.

Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асыру мақсатында Қарақия ауданында ауылдық елді мекендерді абаттандыру жоспарына арналған арнайы жиын өтті. Жиынға ауданға қарасты барлық ауыл әкімдері қатысып, өз елді мекендері бойынша алдағы кезеңге жоспарланған жобалармен таныстырды. Кездесу барысында инфрақұрылымды дамыту, көшелерді жарықтандыру, жол жөндеу, көгалдандыру, балалар және спорт алаңдарын салу секілді негізгі бағыттар кеңінен талқыланды.

Жиын қорытындысында жоспарланған жұмыстардың уақытында әрі сапалы орындалуы басты назарда болуы тиіс екені айтылып, тиісті сала басшылары мен ауыл әкімдеріне нақты тапсырмалар жүктелді. Аталған бастамалар Қарақия ауданындағы ауылдардың көркейіп, тұрғындардың өмір сүру сапасының артуына бағытталған маңызды қадамдардың бірі болып отыр.





МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

СЭС САЛАСЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗМЕТТЕР

ҚАЗІРГІ ТАҢДА МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ ХАЛЫҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТКЕ ДЕГЕН СЕНИМІН АРТТЫРАТЫН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРДЫҢ БІРІ. САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДА КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР АЗАМАТТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУҒА, ҚАУІПСІЗ ӨМІР ОРТАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН.

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексіне сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау объектілері 2 топқа бөлінеді: бұл эпидемиологиялық маңызы жоғары объектілер және эпидемиологиялық маңызы болмашы объектілер.

Маңыздылығы жоғары эпидемиологиялық объектілер үшін объектінің сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды құжат алу қажет.

«Қарақия аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ-сі «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №ҚРДСМ-336/2020 бұйрығына сәйкес келесі мемлекеттік қызметтер көрсетуді және беруді жүзеге асырады:

«Жоғары эпидемиологиялық маңызы бар объектінің сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру». Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі өтініш түскен сәттен бастап 13 жұмыс күні. Қажетті құжаттардың тізбесі-бұл көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш және объектінің техникалық паспорты, зертханалық аспаптық зерттеулерге/ сынақтарға сәйкес аккредиттелген зертханалар жүргізген зерттеулер/ сынақтар хаттамаларының электрондық көшірмесі.

«Қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық қорғаныш аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларының, шикізат пен өнімнің жаңа түрлерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру». Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі өтініш келіп түскен сәттен бастап 10 жұмыс күні болып табылады. Қажетті құжаттар тізімі – көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш және жобалық құжаттаманың электрондық көшірмесі.

«Тамақ өнімін өндіру объектілеріне есепке алу нөмірлерін беру». Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі өтініш келіп түскен сәттен бастап 5 жұмыс күні болып табылады. Есептік нөмірді алу үшін электрондық цифрлық қолтаңбамен және өндірілетін тамақ өнімдері тізбесінің электрондық көшірмесімен қол қойылған электрондық құжат нысанында өтініш беру қажет.

Мемлекеттік қызметтер электрондық үкімет веб-порталы арқылы электрондық құжат нысанында тегін негізде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтерді алу үшін сізге электрондық цифрлық қолтаңба алу, электрондық лицензиялау веб-порталында авторизация процесінен өту, қажетті мемлекеттік қызметті таңдау, мәліметтер нысанын толтыру және қажетті құжаттар тізбесін бекіту қажет. Содан кейін электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойыңыз.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Объектінің немесе жобалау құжаттамасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актімен сәйкес келмеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінде, яғни 10 жұмыс күні ішінде сәйкессіздік себептерін көрсете отырып, дәлелді бас тарту беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын немесе қолданылу мерзімі өткен құжатты толық ұсынбаған жағдайда, басқарма қызметкері өтініш келіп түскен сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде дәлелді бас тартудың себебін көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды және жібереді.

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеу объектіге тексеріп қарау жүргізбей, мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- 1) құжаттағы қателерді (қателерді) анықтау;
- 2) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 45-бабында көзделген заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру;
- 3) объектінің орналасқан жерінің мекенжайын физикалық ауыстырмай өзгерту;
- 4) көрсетілетін қызметті алушының заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің атауын өзгерту;
- 5) объектінің нысаналы мақсатын, жүзеге асырылатын қызмет түрін, технологиялық процесін, қуаттылығын өзгертпей және объектіге құрылымдық өзгерістер енгізілмеген, басқа тұлға қолданыстағы объектіге меншік құқығын алған жағдайда.

Жоғарыдағы тармақтар көзделген жағдайларда санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті алушы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеуге негіз болған тиісті өзгерістер туралы растайтын құжаттармен бірге осы қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес өтініш жібереді.

Алдағы уақытта санитариялық-эпидемиологиялық саладағы мемлекеттік қызметтердің сапасын одан әрі арттыру, цифрландыруды кеңейту және халықпен кері байланысты нығайту басты міндеттердің бірі болып қала береді. Себебі сапалы мемлекеттік қызмет – сау қоғамның негізі.

М.ИКАЕВА,

аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысының м.а.

КӘСІБИЛІККЕ БАСТАР ЖОЛ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы меритократия қағидатын дамытуды көздейді.

Аталған бағдарлама, мемлекеттік қызметке іріктеу және еңбек сіңірген, құзыреті және кәсіби дағдылары бойынша қызмет бабында ілгерілетуді жүзеге асырады.

Бұл, нағыз лайықты адамдарды анықтау әдістерін жетілдіру – адам ресурстарымен жұмыс істеу әдістерін жан-жақты қайта қарауды талап ететін мәселе.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметістері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті кадрлық ілгерілеу мониторингін тұрақты түрде жүргізіп отырады.

Мәселен, статистикалық деректерге сәйкес 2025 жылдың қорытындысы бойынша бос орындарға жарияланған ішкі конкурстар нәтижесінде 116 мемлекеттік қызметші тағайындалған, олардың ішінде 94-і бұрын төменгі лауазымдарды атқарды. Демек, Маңғыстау облысының жергілікті атқарушы органдарында меритократия үлесі айтарлықтай жоғары.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңның 29-бабының 1-4-тармақтарына сәйкес жергілікті атқарушы орган және (немесе) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган өткізетін ішкі конкурста осы облыстың жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын барлық жергілікті атқарушы органдардың және (немесе) атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері де қатысуға құқылы.

Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамаға енгізілген өзгерістер меритократия қағидаттарын одан әрі жан-жақты іске асыруды көздейді.

Бүгінде мансаптық ілгерілеу заңнамадағы жаңа түзетулердің, олардың жұмысын бағалау қорытындысы бойынша тиімді мемлекеттік қызметшілер лауазымын жоғарылатудың арқасында да мүмкін болды.

Егер бұрын тоқсан сайынғы бағалау нәтижелері бонустар төлеу, көтермелеу, оқыту, ротациялау, мемлекеттік лауазымын төмендету не жұмыстан шығару бойынша негіз болса, сонымен қатар, бағалаудың оң қорытындысы

мемлекеттік орган ішінде неғұрлым жоғары лауазымға көтерілу үшін негіз болды.

Мысалы, нәтижелі қызмет атқарғаны үшін Жаңаөзен қаласы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметінің бас инспекторы Чуганова Алия Узакбаевна бағалау қорытындысы бойынша жоғары тұрған лауазымға тағайындалды.

Сондай-ақ, Тажибаев Нуржан Курмангазыевич Ақтау қаласы әкімі аппаратының ұйымдастыру – бақылау бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды.

Бұл жерде мемлекеттік қызметте басқаруға лайықты, біліктілігі жоғары, кәсіби мамандардың келуін көздейтін меритократия қағидатын жетілдірудің ерекше маңыздылығын атап өткен жөн. Аталған бағыт бойынша агенттіктің аумақтық департаментімен жұмыстар жүйелі түрде жүргізілетін болады.

Токтамыс ЖУМАҒҰЛОВ,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Маңғыстау
облысы бойынша департаментінің
басшысы.

Биыл кімдер
ДЕКЛАРАЦИЯ ТАПСЫРАДЫ?

2026 ЖЫЛЫ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ ШЕҢБЕРІНДЕ КІМДЕР ЕСЕП БЕРЕТІНІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ НАЗАРЫҢЫЗҒА УСЫНАМЫЗ

1. 2026 жылы кірістер мен мүлік туралы декларациясын (2700.00 нысаны) кімдер тапсырады?

2026 жылы (2025 жылдың қорытындысы бойынша) келесі тұлғалар есеп беруге міндетті:

Мемлекеттік қызметшілер және оларға теңестірілген тұлғалар, сондай-ақ олардың жұбайлары.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары мен құрылтайшылары және олардың жұбайлары.

Заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары) және олардың жұбайлары.

Жеке практикамен айналысатын тұлғалар (нотариустар, адвокаттар, жеке сот орындаушылары, медиаторлар).

Шетелде активтері бар азаматтар.

Шетелдік банктердегі есепшоттарында жиынтық сомасы 1000 АЕК-тен асатын ақшасы барлар.

Шетелде тіркелген жылжымайтын мүлкі, көлігі немесе бағалы қағаздары барлар.

Ірі сатып алулар жасағандар: Егер жыл ішінде сатып алынған мүліктің сомасы 20 000 АЕК-тен (2025 жылы шамамен 73,8 млн. теңге) асса, оның сатып алу көздерін көрсету үшін декларация тапсырылады.

2. 2026 жылы активтер мен міндеттемелер туралы декларациясын (250.00 нысаны) кімдер тапсырады?

Бұл декларация — жүйеге енген кездегі активтер мен міндеттемелерді тіркейтін біржолғы құжат. Оны 2026 жылы келесі тұлғалар тапсырады:

Шетелде активтері бар азаматтар.

Шетелдік банктердегі есепшоттарында жиынтық сомасы 1000 АЕК-тен (2025 жылы — 3,7 млн. теңге, 2026 жылы — шамамен 4 млн. теңге) асатын ақшасы барлар.

Шетелде тіркелген жылжымайтын мүлкі, көлігі немесе

бағалы қағаздары барлар.

Цифрлық активтері бар тұлғалар: Криптовалютасы немесе басқа да цифрлық активтері бар ҚР резиденттері.

Жеке практикамен айналысатын тұлғалар: Нотариустар, адвокаттар, жеке сот орындаушылары және медиаторлар.

Мемлекеттік қызметке үміткерлер: Лауазымға тағайындалғанға дейін өздерінің және жұбайларының активтерін көрсетуі тиіс.

Сайлауға қатысушылар: Президенттікке, депутаттыққа немесе әкімдікке кандидаттар мен олардың жұбайлары.

3. Тапсыру мерзімі қашан?

250.00 және 270.00 нысаны бойынша декларация тапсырудың соңғы мерзімі:

2026 жылдың 15 қыркүйегіне дейін.

4. Қалай тапсыруға болады?

Декларацияны бірнеше әдіспен тапсыруға болады:

Электронды түрде (ең ыңғайлы жолы):

«Салық төлеушінің кабинеті» (cabinet.kgd.gov.kz).

eGov.kz порталы.

«e-Salyq Azamat» және «eGov mobile» мобильді қосымшалары. Екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары (Kaspi.kz, Halyk және т.б.).

Қағаз түрінде:

Тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына (салық төлеушілер бөліміне) барып немесе пошта арқылы тапсыруға болады.

Абай НУРЖАНОВ,
аудан бойынша мемлекеттік кірістер
басқармасының салық төлеушілермен
жұмыс бөлімінің басшысы.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАУ

«ARK Petroleum» ЖШС «Қазақстан Республикасының Маңғыстау облысындағы Шалва кен орнында көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдаланудың салдарынан жою» жобасының ҚОҚ бөлімі және Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2028 жылға іс-шаралар жоспары тақырыбында қоғамдық тыңдау өткізетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 4 наурыз сағат 15:00-де.

Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Жетібай ауылы, Мәдениет үйінің ғимараты.

Онлайн қосылымға сілтеме:
<https://us06web.zoom.us/j/86339970673?pwd=FDXJ0sgONaFWNQQv1abIMzRSzakTnJ.1>

Конференция идентификаторы: 863 3997 0673.

Кіру коды: ARK123456

Тапсырыс беруші: «ARK Petroleum» ЖШС, БСН: 230640023433, Алматы қ., Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 498-үй, 309-кеңсе.

Жобаны әзірлеуші: «ҒӨ» ЖШС, БСН 010140003415, Ақтау қ., 5-ша., 5 «Г» ғимараты.

ҚОҚ бөлімі қосалқы мердігер ЖК А.В. Драган, Ақтау қ., тел: 8701 457-68-33.

